

Жамбыл облысы Меркі ауданы Жамбыл ауылдық округінің Красная заря ауылын Тұрлыбай батыр ауылы деп атауын өзгерту туралы

Жамбыл облыстық мәслихатының 2011 жылғы 15 наурыздағы № 32-11 шешімі және Жамбыл облысы әкімдігінің 2011 жылғы 26 қаңтардағы № 9 қаулысы. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2011 жылғы 27 сәуірде № 1783 тіркелді

РҚАО ескертпесі:

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

Меркі ауданы әкімдігі және Меркі аудандық мәслихатының ұсыныстарын қарай келе және тиісті аумақтың тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңын және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңын басшылыққа ала отырып, облыс әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және облыстық мәслихат **ШЕШІМ ЕТТІ:**

1. Жамбыл облысы Меркі ауданы Жамбыл ауылдық округінің Красная заря ауылы Тұрлыбай батыр ауылы деп атауы өзгертілсін.

2. Осы нормативтік құқықтық акті Әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі

Облыс әкімі
Қ.БОЗЫМБАЕВ

Облыстық мәслихат
сессиясының төрағасы
С.СЕЙДАЗИМОВ

Облыстық мәслихат
хатшысы
Ә.ӘСІЛБЕКОВ